


05-05



**2022-2023 оқу жылына арналған
педагог-психологтың
ата-аналармен жұмыс жоспары**

Педагог-психолог: Жуманова Н.К.

Шымкент



**Педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылына арналған ата-аналармен
жүргізілетін жұмыс
ЖОСПАРЫ**

№	Кенес беру	Жүргізілетін мерзімі
1	Тақырыбы: Ата-аналар жиналысына қатысу, танысу, сауалнама жүргізу.	Қыркүйек
2	Баланың бақшаға бейімделуі, ата-аналарға ақыл кеңес.	Қазан
3	Тақырыбы: 1. Сұрақнама «Сіз қандай ата-анасыз?» 2. «Балаңызға жеткілікті көңіл аударасыз ба?».	Қараша
4	Тақырыбы: 1. «Баланың психологиялық саулығына отбасының әсері»	Желтоқсан
5	Тақырыбы: 1. Баяндама «Бала дамуындағы ата-ана рөлі.»	Қаңтар
6	Тақырыбы: 1. Сауалнама жүргізу. «Баланы ата-ана тәрбиелейді, Ата-ананы кім тәрбиелейді.»	Ақпан
7	Тақырыбы: Баяндама «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»	Наурыз
8	Тақырыбы: Тренинг өткізу «Бақытты отбасы»	Сәуір
9	Тақырыбы: Ата-аналар жиналысына қатысу. Балалардың мектепке дайындығының қорытындысы.	Мамыр

«Шаттық шеңбері» тренингі.

Ата-аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу.

- Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп айтамыз? Қалай ойлайсыздар? Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрап, бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп айтамыз.

Енді көздеріңізді жұмы, терең демалыңыздар. « Сіз өте мейірімді, ақылды ата-анасыз. Сізді балаңыз өте қатты жақсы көреді. Балаңыз сіздің өміріңіздің қуанышы. Сіз бақытты жансыз. Алдыңызда ақылды, тәтті, сүйкімді балапандарыңыз бар. Балаңыз өскенде сіздің үмітіңізді ақтайтын үлкен азамат болып өседі.» Енді көзеріңізді жаймен ашыңыздар.

«Танысу» ойыны. Енді ата-аналар өздеріңіздің есімдеріңізді, балаңыздың есімін айтып және өзге ұлт өкілдерінше қимылмен амандасамыз. Мысалы: Менің есімім Маржан, қызымның есімі Мерей. Біз үнділерше амандасамыз.

Құрметті ата-аналар сіздерге үлкен рахмет!

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшасы МККК

Психологиялық зерттеу жұмысының хаттамасы

Мерзімі 1 күн

Педагогика – психологиялық бағытталған жұмыс

жүргізілді: ама - аналармен психологиялық
тренинг "Шаттық шеңбері"

Жұмыстың

мақсаты: Әрқары қарым - қатынас
қабілеттерін дамыту.

Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы:

Ама - аналармен сымалдасқан шаттық
шеңберіне тұрған бір - біріне ашық
сөздерін білдіргенде әрқары қарым
қабілеттерін дамыту мақсатында
жұмыс жүргізілді.

Бағалау нәтижесі:

"Шаттық шеңбері" тренингі
ама - аналарға бір - біріне
ашық сөздерін білдіргенде,
ама - аналар ашық сөздерін білдірген

Балабақша психологы: Н.К.Жуманова

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ

№53 «ЕР-АСЫЛ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

« МЕН ҒАЖАЙЫПШЫН »

ТРЕНИНГ

Психолог:Жуманова Н.К

Психологиялық тренинг

Тақырыбы: «Мен ғажайыппын»

Мақсаты: Педагогтардың эмоцияналды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Қатысушылар: тәрбиешілер

Жұмыс түрі: топтық жұмыс

Көрнекілік құралдар: қағаз, қалам, тақта, бор.

Жоспар:

1. Жаттығу «Хор»
2. Мен ғажайыппын (Педагогтардың әр түрлі көзқарасын анықтау)
3. Жаттығу «Комплимент»
4. Жүргізілген жұмысты қортындылау.

Жүргізуші: Саламатсыздарма қымбатты тәрбиешілер. Біздің көбіміз яғни барлығымыз биікте ғажайып болғымыз келеді. Ал енді осы “ғажайып” дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы ғажайып сөзін педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз “ғажайып” сөзіне ұқсас бір-бір сөзден айтып көрсек.

Жүргізуші: Ожеговтың сөздігінде “ғажайып” сөзіне анықтама бар – бұл “барлық жақсы қасиеттердің қамтылған, ең жоғарғы дәрежедегі қасиет.” Енді осы қасиеттерді өз бойымыздан іздеп көрелік. Жұмысымызды бастамас бұрын, әр қатысушы өз есімін айта отырып, бойындағы жақсы қасиеттерін айта кетеді. Келесі қатысушы алдыңғы қатысушының атын, жақсы қасиетін айтып, сосын өзін айтады.

Келесі жаттығу “Хор” деп аталады. Залдан бір қатысушы сыртқа шыға тұрады, залда қалған қатысушылар бір төрт жол тақпақтың сөздерін бөліп-бөліп алады. Сырттағы адам келген кезде бір, екі, үш деген нұсқаудан кейін әр қатысушы өз сөздерін айтады. Сырттан келген адам қандай тақпақ екенін айту керек.

Келесі жұмысымызға көшелік. Тақырыпты одан әрі аша түсу үшін, балалардың көзімен яғни тәрбиеленушілердің көзімен “ғажайып” деген ұғымды түсініп

көрелік. Екі топқа бөлініп, жайланып, жақсы отырып алыңыздар. Екі қолымызды тіземізге қойып, орындыққа арқамызды тигізіп отырамыз. Енді көз алдарыңызға тәрбиешілердің қандай болатындығын елестетіңіздер. Енді әр топ өзара келісіп, тәрбиешінің төрт жақсы қасиетін қағазға жазып, орталарыңыздан біреу шығып қорғап шықсын.

Қортынды: бірінші топ тәрбиеленушілерінің пікірі бойынша; тәрбиеші мейірімді, әдемі, көңілді, шыншыл болуы керек. Екінші топтың пікірі; өз мамандығының кәсіби шебері, ұйымшыл, қазіргі талапқа сай, білімді болуы керек.

Жүргізуші. Ал енді сіздер үлкен адам кейпіне еніп, тәжірибелі тәрбиеші болуға тырысыңыз. Екі топ бірігіп тәрбиешілерге берген балалардың сапаларын талқылап, ашып көрейік. Тақтаға біртіндеп жазамыз. Енді осы қасиеттердің барлығы да сіздердің бойларыңыздан табылады деп сенемін.

Біздің бүгінгі кездесуіміз таяп келеді жатқан секілді. Бүгінгі шыққан нәтиже жемісіне оралатын болсақ педагогтардың мықты жақтарын тағы бір еске түсіріп, бір-бірімізге “Комплимент” айтайық.

Жүргізуші: Кездесуіміз аяқталды. Егер тақырыпқа келетін болсақ “ғажайып” деген түсінік бір нәрсенің біткенін, болғанын білдіреді. Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз сіздермен әрдайым қозғалыстамыз. Кез келген мақсатқа жеткенде біздің алдымыздан жаңалықтар ашылады, жаңалықтың шеті жоқ.

Мен сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін!

«Сіз өз балаңызды білесіз бе?»

Отбасылық қонақүй формасындағы

Ата – аналар жиналысы.

Мақсаттары: Ата – аналар мен балалардың, педагогтар мен тәрбиеленушілердің, педагогтар мен ата – аналардың арасында сенімділік негізінде мейірбандылық пен қарым - қатынас қалыптастыру; ата – аналар мен педагогтардың өзіндік сана – сезімін дамыту, Балалар жөнінде конструктивті көзқарас (ата – аналар мен педагогтарда).

Міндеттері: Отбасылық тәрбие процесінде пайдалану үшін, кіші мектеп жасына дейінгі балалардың жеке ерекшеліктері туралы ата – аналардың көзқарасын жалпылау; өз баласының жеке ерекшеліктеріне ата – аналардың дұрыс қарым – қатынасының қалыптасуына болысу.

Қатысушылар: Тәрбиешілер, ата – аналар, педагог – психолог.

Жүргізушілер: Педагог – психолог, тәрбиеші.

Алдын – ала жүргізілетін жұмыстар: 1. Ата – аналарға жиналыс басталу алдынан «Менің балам – менің күнім!» атты тақырыпқа шағын шығарма жазу және оны баланың суретімен иллюстрациялау ұсынылады; үлкен қағазға баланың толық аты, ал әр әріптің тұсына оның мінез – құлқын, жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін сипаттайтын сөз жазылады (мысалы, А – ақылды, М – мейірімді, Т – тұйық, Ө – өркөкірек, Ұ – ұқыпты); қағазға өз балаңыздың суретін салу. 2. Плакаттарды цитаталармен ирәсімдеу: «Дикан жерді қалай түсінсе, дәрігер ауруларды қалай білсе, мүсінші мәрмәрдің ерекшеліктерін қалай білсе, ата – аналар да өз балаларын түсінуі қажет. Егер біз кішкентай адамдар болсақ та, бізді үлкен жұмыстардан қорқады деген қорытынды жасауға болмайды» (В.Тюго), «Ата – аналардың беретін ен бағалысы – бұл тәрбие», «Адамның кез – келген даналығының негізінде сабырлық жатыр», «Біздің балалар кәмпит сияқты, тек олардың шінде не бар?», «Менің сүйікті сәбиім». 3. Жиналысқа шақыру қағазын рәсімдеу, ата – аналар үшін тесттер, кеңес беру папкаларын, жаднамалар дайындау, топтарды рәсімдеу, сәйкес әуен таңдау.

Ата-аналарға психологиялық кеңес

- 1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.*
- 2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.*
- 3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.*
- 4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.*
- 5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.*
- 6. Баланың әріп жетістігі үшін мақтап отырыңыз.*
- 7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.*
- 8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.*
- 9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.*
- 10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойлаңдар.*
- 11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.*
- 12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.*

Ата – аналарға кеңес

- 1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.*
- 2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.*
- 3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс - әрекетпен айналысып отырса.*
- 4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.*
- 5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.*
- 6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.*

7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынама жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенод жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

Ата – аналар анкетасы

1. Сіздің балаңыз мейірімді ме?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде в) білмеймін
2. Сіздің балаңыз ұқыпты ма?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
3. Сіздің балаңыз шыншыл ма?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
4. Сіздің балаңыз әдепті ме?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
5. Сіздің балаңыз көпшіл ме?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
6. Сіздің балаңыздың қолы ашық па?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
7. Сіздің балаңыз қайырымды ма?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
8. Сіздің балаңыз әділ, тура ма?
а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
9. Сіздің балаңыз жарқын жүзді ме?
 а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін
10. Сіздің балаңыз жауапты ма?
а) ия ә) жоқ б) әр кезде и) білмеймін

Баланың аты-жөні: Мұхаммед Ахмед Ерланұлы
Ата-ананың аты-жөні: Бекмолдаева Кел Дуспаева

Шымкент қаласы білім басқармасының
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы

Баяндама
«Баланың балабақшаға бейімделуі»

Педагог - психолог: Жуманова Н.К

Баланың балабақшаға бейімделуі

Мақсаты: Ата — аналардың өзара қарым — қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым — қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу. Бала жанұясы мүшелерін бір-бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.

Қатысқандар: Ата-аналар, тәрбиешілер, балалар.

Көрнекіліктер: Отбасысуреті, бояуқарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, шарлар, қайшы, желім, презентациялар.

Кіріспесөз: Сәлеметсіздермеқұрметтіата-аналар! Бүгінгібіздің «Баланыңбалабақшағабейімделуі»атты тренинг сабағымызғахошкелдіңіздер! Ата – анатілегібаласыныңжақсыадамболуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімдіболуы. «Ұлтәрбиелейотырып, жериесінтәрбиелейміз, қызтәрбиелейотырып, ұлттытәрбиелейміз». Отбасындағытәрбиеәрбірмүшеніөзін-өзінсақтау, ұрпақтыжалғастыру, өзін-өзісыйлауқажеттігінентуындайды. Отбасындаадамныңжекебасыныңқасиетіқалыптасады.

Балағабілім, тәрбиеберудебастытұлғаұстазболса, оны жалғастырыпдемеушіата-ана.

I.Танысу. Амандасу

Шаттықшеңбері:

Ата — аналардыңолымызданұстап, шаттықшеңберінетұрғызу. Мен сіздерменкездескенімеөтеқуаныштымын. Қане, бәрімізбір — біріміздіңқолымызданұстапшеңберкұрайық. Осы дөңгелекшеңберді неге шаттық, жылулықшеңберідепатаймыз? Қалайойлайсыздар. Шеңбергетұрудыңүлкенбірқасиеті бар. Шеңберімізкөктегіжылуберетінкүнсияқтыдөңгелек. Шеңбергетұрып, бір — біріміздіжақсыкөреаламыз, жақсылық пен жылулығымыздысыйлайбілугеүйренеміз. Міне, сондықтанбұлшеңбердіжылулық, шаттықшеңберідепатаймыз. Ендібәрімізжақсылықтілеп, шаттанақуанып, күлкіміздісыйлайық.

Танысу:Әрата — анаөзінтаныстырукерек, өзініңатынаекі — үш сын есімінқосыптаныстыру.

Доппен жаттығу: Бала сіз үшін кім? Допты бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала – болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы т.б.

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.

Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен

танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.
- Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады.

Өр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

- жеңіл түрі — баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;
- орташа ауырлық бейімделу — 1 айдың ішінде;
- ауыр бейімделу — 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаныз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.

Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.

— Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

— Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

— Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

— Үйдегі жағдайда баланың өзіне — өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

— Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

— Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

— Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

— Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

— Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

— Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

— Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап-ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

III. Кеңес соңында сұрақтар беріп, өзара пікірлесу.

IV. Ойын «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы:

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиешісінің толық аты — жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
7. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
8. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
9. Балаңыздың ең жақын досы кім?

Ата — аналар ортаға шығып, берілген сұрақтарға тез жауап береді.

1. Ойын «Ата-анамейірімі».

Ата-аналар паракқа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

1. Ситуациялық сұрақтар.

Ата — аналар үстел үстінен үлестірілмеі қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, неістередіңіз?
2. Баламен сөйлесе білуде үлкен өнер, Мысалы: түннеге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз дасондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырыссыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?
3. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата — аналардан да

«Біздің баланы ұрды» деген сөзесту ету раке леді дейік. Не істейсіз?
Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Кейбірі ата — аналардың баласының әрбірісі — әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сеністей алмайсың», — деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
5. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, бала бақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді қатулық бақ, ашулық күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
6. Балаңыз қандай да бір теріс іс — әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

VII. «Тілекшамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.
«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Бізсіздер мен жанұядағы ата-ана мен
балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-
жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя — жылылықтың, жылулықтың мекені.
«Отбасы» атауының мәнін етер еңгілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар
екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзуболуы үшін
«Тілекшамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Құрметті ата-
аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып,
отбасыларыңызға бақыт нұрышашыла берсін дегім келеді. Сауболыңыздар!